



## АПАТ

### АРЫС:

# СЕБЕБІ мен САЛДАРЫ



**Арыста айтпай келген апаттың себептері жария бола бастады. Алдын ала жасалған болжам бойынша, «өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамаған және оған салғырт қараған» деген дерек айтылуда. Мәселені жан-жақты тергеу үшін жүзден аса адамнан жауап алынған. Ал аумақты жарылғыш заттардан тазарту жұмыстарының қашан бітері өзiрге белгiсiз. Әйткенi, жарылғыш зат iздеушiлер қаланың төңiрегiн 20 шақырымға дейiн тексерiп шығуы керек. Реактивтi снарядтардың 20 шақырымға дейiн ұшатынын ескерсек, мамандар Арыстан жақын арада кетпейтiн секiлдi.**

Мұндай жағдайда оқиғаның себеп-салдары тез анықтала қоймайтыны да белгілі. Әйтсе де әскери бөлім басшылығы, жауапты адамдар мен куәгерлер сұралып, оқиғаның сұлбасы жасалып келе жатқан сияқты.

Жалпы, жарылысқа қатысты қылмыстық істің қозғалғаны сол күні-ақ белгілі болған. Мұны Президент өзі тапсырған еді. Соған байланысты тергеу жұмыстарының мән-жайы, қалай жүргізіліп жатқаны енді ғана елге айтылып жатыр. Мәлімет аз болса да, оқиғаға қатысты әрбір дерек маңызды. Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекаев Арыс қаласындағы жарылыстың себептерін атады.

Ол «Салғырттық болуы мүмкін. Тез жанатын заттардың тұтануы, электр сымдарының тұйықталуы, тіпті әдейі өрт қоюы да мүмкін. Біз бірде-бір күдікті жокқа шығармаймыз. Сондықтан арнайы тергеу тобының жұмысы өз нәтижесін береді деген сенімім бар», – деді.

Ол оқиға үшін кінәлі адамдардың қатаң жазаланатынын, оларды ешкім жасырмайтынын айтты. Ал бас әскери прокурордың аға көмекшісі Еркін Қожа-Ахмет: «Осы күнге дейін 100-ден аса адамнан жауап алынды.

(Жалғасы 3-бетте)

## ТҮЙТКІЛ

Теңіздегі келеңсіз оқиға шетелдік компаниялардағы жалақы мен әлеуметтік жағдайға қатысты түйткілдердің бар екенін көрсетті. Бұл туралы шетелдік инвесторлармен кездесуде Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев ашық айтты.



### ТЕҢІЗ:

# АНЫҒЫ мен ҚАНЫҒЫ

беруші қандай да болмасын себеп тауып, жұмыстан шығарып жіберетінін айтып қорқытады. Сондықтан, көпшілігі жұмыс берушінің заңсыз әрекетін, Еңбек кодексінің талабына сәйкессіздікті ашып айтуға қорқады. Мұндай дерек бар. Шағым айтқан жұмысшыдан құтылудың түрлі қитұрқы әрекеттерін жасаған деректер де бар. Бұл, әрине, адамды ашындыратын, тіпті дау-жанжалға әкелетін жағдай. Сіздердің міндеттеріңіз осындай жағдайлардың алдын алу.

Тапсырыс берушілер, ТШО, NCOC немесе басқа ірі компаниялар болсын, өз тараптарынан енбекақыны әділ төлеп отырғандарын айтады. Бірақ сонында бәрібір ашылып қалады. Жұмысшының қолына ең соңында шамалы тиын-тебен түседі. Сосын ол өзімен бірдей жұмыс істеген шетел азаматының енбекақысын көріп, мен неге зарлап шегуім керек? – деген сауал қояды.

Мен сіздердің алдарыңызға Еңбек кодексінің, еліміздегі барлық заңдардың, соның ішінде көші-қон заңнамасының бұзылуына жол бермеу міндетін қоямын. Адал, қолайлы жағдай барлық жұмысшыларға жасалуы керек. Біз өз тарапымыздан сіздердің бастамаларыңызды күтіп отырмаймыз. Жұмыс істейміз. Егер жағдайды өз еріктеріңізбен өзгерткілеріңіз келмесе, заңға сәйкес әрекет етуге күшіміз жетеді».

(Жалғасы 3-бетте)



Нұрлан НОҒАЕВ, Атырау облысының әкімі:

«Жалақы, жұмысшыларды қосымша жұмыстарға тартқаны үшін төленетін қаражаттың уақыттары кешіктіріледі. Мереке, демалыс күндері істеген жұмыс үшін өтемақы төлеу уақыты бұзылады. Жұмыс кестесін өздері белгілейтін дерек бар. Теңіз жобасында мердігер мекемелердің бірінің басшысы күн сайынғы жұмыс күнін өз бетімен 4 сағатқа көбейткен. Ұжымның наразылығы мен еңбек инспекциясына шағымдануынан кейін жағдай қалыпқа келді. Жұмыс

## ЖЕТПЕГЕНІ ОСЫ ЕДІ!

Көршімнің көзі шүңірейіп, ауырып тұрғанын бірден білдім. Әңгімелесе келсек, бір күн бұрын асханалардың бірінен тамақтанып, іле-шала астан ұшынып қалыпты. Сотқа жүгінуге еш дәлелі жоқ. Тіпті мекеме әкімшілеріне де ескерту жасай алмаған. «Сіз секілді қонақтарымыздың қайсыбірін естемейміз» деген бір ауыз сөз аузына құм құйғандай болыпты.

# ЧЕК БЕРМЕЙТІНДЕР ШЕКТЕЛМЕЙ ТҰР

Чекке қатысты осындай оқиғаны бір танысымнан да естідім. Екі кеште көлігіне жанар-жағармай құйып, ертесіне темір тұлпары оталмай әуреге салған. Қолында чек болмаған соң, ол да жанар-жағармай бекетінің үстінен еш жерге шағымдана алмапты. Осы секілді оқиғалардан кейін кез келген кісі қай жерден қандай зат алса да, оны растайтын қағаз керектігін жадынан шығармаса екен деген ойда қалды.

Чек демекші, тиісті жерден осы түбіртеккі алмау салдарынан өзіміз ғана зиян шекпейміз, мемлекетке де залал келтіреді екенбіз. Осы жағына мән бермей, тек табыс қуып кететіндер жиі ұшырасады. Мәселен, жұмысы жүріп тұрған, тұрақты табысын күнде санайтын мейрамханаларды алайық. «Той – халықтың қазынасы» деген мақалды майын тамызып айтатын қазақ ем жыл он екі ай тойдан босамайды. Той жасауға тапсырыс беретіндердің көптігі сонша, қуанышын бөлісетін құтты орын үшін бірнеше айлап кезекке тұрады. Алайда осыншама қонақты күтетін,



күнделікті қыруар қаражат түсіріп отырған тойханаларды тексере келгенде, қожайындары ауызын ку шөппен сүртеді. Той өтеді, бірақ қыруар салықтың орны ойсырап тұрады. Айталық Алматыда 300-ге жуық мейрамхана табысын жасырған. Бұл барлық мейрамханаларға тән құбылыс. Олар өз қызметкерлерінің санын азайтып көрсетеді, касса аппаратын

қолданбайды. Керек десеңіз, фискалды чекті айына 1 рет шығаратындары да бар. Осы тәсілмен мемлекеттен жасырған ақшаны өз қалтасына салады. Осы орайда мемлекеттік кіріс комитеті салықтық әдіснама департаментінің директоры Жәнібек Нұржанов бұқаралық ақпарат құралдарына берген түсініктемесінде былай дейді: «Нұр-Сұлтан қаласында 164 мейрамханадағы 37 азамат кірісін көрсетпегенін анықтадық. 31 мейрамханада жалдамалы қызметкер

жоқ. Ал 41 мейрамхана жалдамалы қызметкерлер санын 1-5 аралығында деп көрсеткен. Олдан басқа 6 мейрамханада касса аппараты дегенді білмейді. Фискалды чекті күніне бір рет шығаратын 14 мейрамхананың қылмысы ашылған».

Дәл осындай жағдай Алматыда да қайталанған. Мәселен, 275 мейрамханада 95 қызметкер салық төлеуден жалтарса, 123 мейрамхана жалдамалы қызметкерлер болмаған. Ал Шымкентте 85 мейрамханада өз кірісін көрсетпейтін 17 салық төлеуші анықталған. 24 мейрамхана жалдамалы қызметкерлерді пайдаланса, 12 мейрамхана олардың санын әрі кетсе, бес адам деп көрсеткен. 23 мейрамханада касса машинасы жоқ.

Әдеттегідей заңды белден басқандарға занбұзушылықтарды жою туралы хабарлама жолданған. Бірақ олар бұл ескертуді елей ме, әлде елемей ме, ол жағы белгісіз. Өкінішке қарай, той үшін де несие алып, оны дер кезінде жаба алмай жатқандардың проблемасы жоғары жаққа да белгілі болды. Ал мейрамхана басшылары жылаған жұрттың көз жасын сүртпесі анық. Олар күнде той жасасаныз да, «тоқтат» деп айтпайды. Сіз чек сұрамасаныз болды...

Жолдасбек ӘШІМХАНҰЛЫ

## EXCLUSIVE

# ӘЙЕЛДІ ЖАНДЫ ҚУЫРШАҚҚА АЙНАЛДЫРАДЫ



Арада уақыт өте келе, Әйгерім сияқты мен де қара жамыла бастадым. Бірақ отбасым ниқаб киюіме қарсы болды. Бар шағымымды, мұңымды жаңадан тапқан құрбыларыма айтқан кезде, олар маған күйеуге шығуға кеңес берді. Сөйтіп, болашақ күйеуіммен таныстырды. Жолдасымның жасы біраз үлкендігіне қарамастан, оған тұрмысқа шығуға асықтым.

(Бұл туралы 5-беттен оқыңыз)



## БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)  
63,51

DOLLAR  
383.99

EURO  
433,41

РУБЛЬ  
6,05

## ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Мәссаған, мыналарды қара!

(Толығырақ 2-бетте)



## МӘЖІЛІС

**Осы аптада алтыншы шақырылған Парламент Мәжілісінің төртінші сессиясының жалпы отырысында төменгі палатаның төрағасы Нұрлан Нығматулин өткен сессия жұмысын қорытындылады.**

Отырыста депутаттар 2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджетке енгізілген түзетулерді мақұлдады. Бұл тұрғыда Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин мемлекет қабылдаған әлеуметтік шаралар халықтың көптеген проблемаларын шешуге мүмкіндік беретінін айтты. Ол өз сөзінде: «Тұрмысы төмен азаматтарға жан-жақты қолдау көрсету, халқымыздың әлеуметтік жағдайын күшейту үшін нақты шаралар қолға алынуда. Сондықтан, осы үш жылдық бюджетке енгізілген өзгерістер барлық әлеуметтік тапсырмаларды жеткілікті қаражатпен қамтамасыз етуге зор ықпал ететін болады», — деді.

Мәжіліс төрағасы орталық және жергілікті мемлекеттік орындар өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарға көмектесу жағын ұйымдастыруы керектігіне баса назар аударды. Осыған байланысты бөлінген қаражатты пайдаланудың тиімділігіне назар аударып, депутаттар бұл мәселені мұқият қарап, қол жеткізілген нәтижелерді талдауға ниетті екенін атап өтті. Алайда бюджет қаражатының қайда, қалай жұмсалатындығын әлі де терең білмейтіндер баршылық. Бұл орайда төраға бюджеттің 53 миллиард теңгесі төңірегінде мәселе қозғады. Өйткені, бұған дейін үкімет еңбек нарығын, тұтыну мүмкіндігін есептеместен азаматтарды жұмыспен қамту үшін 53 миллиард теңге сұралғаны белгілі болған еді. Депутат Арман Қожахметовтың айтуынша, мемлекеттік бюджеттен 10 жылда жұмысқа орналастыру, оқыту, қайта оқыту мен шағын несиелер беруге 964 миллиард теңге бөлінген. Ал 2019-2021 жылдары үкімет ешбір сараптамасыз осы салаға қосымша 53 миллиард теңге бөлген. Ұлттық экономика министрі Руслан Дәленов: «Ауыл шаруашылығы министрлігі үйлестіруші болып табылатын «Бизнес бастау», бағдарламасы бойынша оқытуға 3,2 млрд теңге, еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің қысқа мерзімде кәсіптік білім беру бағдарламасына — 13,6, млрд теңге бөлінген. Сонымен бірге жана

бизнес идеяларды іске асыруға 12 млрд теңге қарастырылды», — деді. Осыған қатысты пікір білдірген Мәжіліс спикері: «Арифметикамен

неден туындап отырғанын білмейді», — деді. Осыған дейінгі сессияда Мәжілістің 41 жалпы отырысы өтіп, 199-ден астам



Фото: Ж. ҚҰСҚИНОВ

# АЛМАҚТЫҢ ДА САЛМАҒЫ БАР

қарағанда бәрі дұрыс, қаражат та қомақты. Бірақ мәселе басқа да, сіздер мұндай тұтыну мүмкіндігін қалай есептедіңіздер? Мәселен, «Бизнес бастауға» 3,2 миллиард теңге делініз. Енді бұл мәселеге қандай категорияларды тарту керек? Ал сараптама әзірше жоқ дейсіз. Есесіне қомақты қаражат сұрап отырсыздар», — деді.

Осы арада еңбек және әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев әңгімеге араласып, мән-жайды түсіндірді. Ол «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Жас маман», «Жас кәсіпкер» бағдарламалары іске асырылып жатқанын жеткізді. 100 мамандық бойынша жобаларды іске асырудың, оның экономикамызда сұранысқа ие екендігі анықталған. Осыған байланысты Н.Нығматулин: «Ашығын айтқанда, бағдарлама — бағдарлама ішіндегі бағдарлама. Былайша айтқанда, қаржылық матрешка. Ал Руслан Ерболатұлы (Дәленов — ред.) бюджеттен бөлінген 53 миллиард теңгенің қай бағдарлама бойынша қалай бөлінетіндігін, сұраныс

мәселе қаралған. Палата қарауында 110 заң жобасы қаралып, оның 81-і мақұлданып, Сенатқа жолданған 13 «Үкімет сағаты» мен 2 парламенттік тыңдау, 14 көшпелі отырыс және 4 халықаралық конференция ұйымдастырылған.

Палата спикері атап өткендей, осының барлығы депутаттық корпусың Үкіметпен, тиісті мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен бірлесе атқарған жұмыстың нәтижесі.

Отырыс барысында Мәжіліс төрағасы депутаттарға сессия аяқталғанымен, аймақтарға барып сайлаушылармен кездесіп, онда айтылған ұсыныстар одан әрі заң шығару қызметінде ескерілуі қажеттілігіне назар аударды. «Сессия аяқталып жатыр. Алайда бізде сайлаушылармен кездесу үшін өңірлерге сапары жоспарланған. Жүздесулер барысында айтылған ұсыныстарды біз алдағы жұмыста ескеруіміз керек», — деген Мәжіліс төрағасы әріптестеріне сәттілік тіледі.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

Сөз-Жебе

**Бердібек САПАРБАЕВ,**  
еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі:

«Кейбір адамдар үйінде жатып атаулы әлеуметтік көмек ала бергісі келеді. Сөйтіп, өздері жұмыс істемейді. Балаларын да жалқаулыққа үйретеді. Жұмысқа қабілеті бар азаматтар жұмысқа орналасуы қажет. Егер жұмысқа орналаспа, онда біз ертең атаулы әлеуметтік көмек беруді тоқтатамыз. Талап сондай, заң солай. Ең негізгі мәселе – біз масылдыққа жол бермеуіміз керек. Мұқтаждық пен масылдықты ажырата білуіміз қажет. Егер олар үйде жатып, 100 мыңнан, я болмаса 180 мыңнан атаулы әлеуметтік көмек ала беретін болса... олай болмайды».

Аптаның айтары

**Ерболат ДОСАЕВ,**  
Ұлттық банк төрағасы:

«Тұтынушы несиесін берумен айналысатын банктердің барлығында шамамен 9,5% тойға алған несие бар. Тиісті табысы болса, ешкімге де несие алуға тыйым салынбайды. Бұл әр отбасының өз шешімі. Өкінішке қарай, бізде несиені ата-аналар алып, оны балалары төлейтін жағдай көп. Егер несие алынса, ол төленуі тиіс. Адамдар өз қажетіне қарай несие алады. Оған тыйым салуға болмайды. Бірақ бұдан былай несиенің қандай мақсатқа алынатыны мен көлемін қадағалауды көздеп отырмыз».

Әлеумет.t<sup>0</sup>

**АУЫЛ МЕКТЕБІНІҢ АРМАНЫ**

Қазақтың мандайына біткен небір маркасқалар — ғалымдардың, әдебиетшілердің, спортшылардың ауыл мектебінде білім алғанын аға буын жақсы біледі. Тіпті жоқшылықтан интернат жағалап кеткендері де мыңдап саналады. Олар жылға жуық үй де көрмейтін. Соған қарамастан, ешкімге ренжімеген, ештенені міндетсінбеген. Ешқайсысы ұстазын даптап, қиындықты алға тартпаған. Қайта кездескен кедергіні жеңу үшін барын салды, ақылға жүгінді. Жақсы оқуға тырысты. Ата-анасын, ұстазын ұятқа қалдырмады. Сенімнен шығуға ұмтылды.

Бірде ақтөбелік ақсақал Мақсат Байжарқыновтың аузынан кішкене кезінде анасын асырау үшін көше жағалап, базар сағалап сауда жасағанын естіген едім. Сөйтіп жүріп, шалғайдағы мектепке қыстың қаһарлы күндері де аяқ-киімсіз барып оқыған. Дәл осындай күй кешкен кісілер өткен ғасырда өте көп болды. Солардың арасынан қазақтың мандайына біткен тұлғалар өсіп шықты. Елге ие болды, өнеге көрсетті.

Иә, бәрімізде ауылда өстік. Қазір де сол жерде дүниеге келіп, мектеп есігін ашып жатқан жүздеген мың бала жүр. Бірақ солардың білім ордалары қаладағы мектептермен салыстырғанда айырмашылығы жер мен көктей. Бұрын ондай болған емес сияқты, жағдай бірдей секілді еді. Қазір ауыл мектебінің төңірегінде алып-қашпа әңгіме көбейді.

Өткен аптада білім және ғылым министрі А.Аймағамбетовке сауал жолдаған Мәжіліс депутаты Айгүл Нұркіна ауылдың қарышты дамуы көбінесе мектептердің қызметіне байланысты екендігін ашына жеткізді. Оның айтуынша, мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің 75%-ы ауылда. Оқушылардың 46%-ы сонда оқиды. Білім ордаларының тек төртінші бөлігі ғана бейімделген үй-жайларда орналасқан. Ескі-құсқы ғимараттар жетерлік. 31%-ы тасымалданатын суды пайдаланады, 45%-ында ғана аулада дөретхана бар. 53%-ы пешпен жылытылатындығын айтқан Айгүл ханым: «Ауыл мектептерін жана модификациядағы кабинеттермен қамтамасыз ету деңгейі төмен. Білім ошақтарының 88% ғана 4 Мбит/сек және одан жоғары жылдамдықпен кен жолақты интернет желісіне қосылған. Қолда бар компьютерлік техниканың 33%-ы ауыстыруды талап етеді», — дейді.

Қысқасы, дерек пен дәйектердің барлығы шалғайдағы мектептердің заманауи талаптарға сай еместігін дәлелдейді. Ең бастысы, еліміз бойынша 10 мұғалімінің 6-ы ауылда тұрады. Олардың алатын жалақысы да мез емес. Жоғарыдан бақылаудың нашарлығын білетін кейбір пысық директорлар таныс-тамырын мектепке орналастырады. Айталық денешынықтыру пәнінің мұғалімі физикадан дәріс береді. Мұндай ұстазан мықты шөкірт шыға ма? Сондықтан ауыл мектептерін қолдау Білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған жана мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарының бірі болуы тиіс.

Депутат ханым дұрыс айтып отыр. Ауыл мектептері оқушыларының білімін қалалық мектептермен теңестіру үшін олардың базалық жағдайлары мен тең білім беру мүмкіндіктерін жасау жөнінде кешенді шаралар қабылдау керек. Өкінішке қарай, білім ордасын сеніп тапсырылған ұстаздар арасында ұятқа қалдырып жүргендер азаймай тұр. Мысалы, Ақтөбе облысында Мұғалжар ауданы әкімінің орынбасары және Қандыағаш қаласы №4 мектебінің директоры ҰБТ-дан ұятқа қалмаудың жолын алдын ала жасапты. Білім және ғылым министрлігі комиссия кездесулерін ұйымдастыру үшін жалпы орта және мектепке дейінгі мекемелердің директорларынан 540 мың теңге жинаған. Қазір қылмыстық іс қозғалып жатыр. Мұның өзі кейде ауыл мектептеріне мәдениеттің, адалдықтың, жауапкершіліктің жетпегенін көрсететіндей. Осы секілді жайсыз жағдай қалаға қарап бой түземекші болған мектептердің күлін көкке ұшыратыны даусыз.

Жолдасбек ӘШІМХАНҰЛЫ

Қызықтан қызықтары

**МӘССАҒАН, МЫНАЛАРДЫ ҚАРА!**

Қарғанды қалалық жол полициясының қызметкерлері жол ережесін бірнеше рет бұзған әріптестеріне айыппұл салды. Өйткені «Динамо» орталығына жеке көлігімен келетін тәртіп сақшылары тұрғындардың жолын жауып, қолайсыздық тудырады екен.

LADA Priora, Toyota, Mercedes-Benz көлігін тізгіндеген үш полицейдің жол ережесін бұзған видеосын жергілікті тұрғын қала әкімі Ерлан Қошановтың блогына жолдаған. Шаһар басшысы оқиғаны зерттеп, жол-полиция басқармасына тиісті шара қолдануды тапсырды. Нәтижесінде көлік иелеріне әкімшілік-құқықбұзушылықтың бірнеше бабы бойынша айыппұл салынған. Бұл туралы zakon.kz хабарлады.

ҰБТ – 2019

ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН – 90375

КАЛЬКУЛЯТОР – 28344

ШПАРГАЛКА – 867

ТАЛАПКЕРЛЕРДЕН ТӘРКІЛЕНДІ



Түйткіл

(Басы 1-бетте)

Атыраудағы Теңіз кенішінде болған тосын оқиға жаңғырығы алысқа тарайды. Ауысыммен істейтін жұмысшылар

жетекшілерімен, сондай-ақ кеніштегі жұмысшылармен кездесу өтті. Оқиғаның мән-жайын тергеу және ұсыныстар беру мақсатында мекемеаралық комиссия құрылды. Қазіргі уақытта аталған комиссияға облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік

# KÖKEIKESTI

E-mail: jas\_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



## ТЕҢІЗ:

# АНЫҒЫ мен ҚАНЫҒЫ



арасындағы текетірес шын мәнінде әлеуметтік тенсіздіктен туғанын көрсетті. Теңіздегі төбелес әлеуметтік желі арқылы лезде тарайды. Соңы жаппай тәртіпсіздікке ұласа жаздаған оқиға орнына Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев дер кезінде барып, шу шығарған жұмысшылардың уәжін тыңдап, оларды сабырға шақырды.

Қалашықта күнкөріс қамымен жүрген жергілікті жұмысшылар ең алдымен, жергілікті және шетелдік мамандарға деген екі түрлі көзқарасқа, қарым-қатынасқа наразы екендерін айтты. Облыс әкімінің айтуынша, бірдей жұмыс істесе де жергілікті

жұмысшы 300 доллар, ал шетелдіктер 3000 доллар алатын көрінеді. Бұл елге шетелдік инвестиция келгеннен бері айтылып келе жатқан әңгіме. Жалпы, шетелдіктер елімізде аз ақшаға бола жұмыс істемейді. Міне, Consolidated Contracting Engineering & Procurement S.A.L. Offshore (CCER) компаниясында де

осындай алалаушылыққа жол берілген. Есімін атамауды өтінген кейіпкеріміз де Теңіз қалашығында шетелдіктер мен қазақстандық жұмысшылар үшін екі түрлі ас беріліп келгенін растады. Қазақша айтқанда, айранды шетелдіктер ішіп, жергілікті жұмысшы ыдыс жалап келген.

ТШО компаниясы тікелей таратқан ресми дерекке сенсек, дау-дамай кезінде 45 адамға медициналық жәрдем көрсетілген. Оның ішінде жергілікті төрт жұмысшы бар. Бастысы, ешқайсының өміріне қауіп төніп тұрған жоқ.

Оқиға орнында аймақ басшысы мен ТШО бас директоры Имер Боннер мердігер ұйымдардың

Шапкенов жетекшілік етеді. Бірақ оқиға мұнымен аяқталған жоқ. Әсіресе Атырауға елшілердің келуі жұртты елең еткізді. Шілденің 1 күні Иорданияның еліміздегі елшісі Юсуф Әбдулғани, Ливан елшісі Жискар әл Хури және Палестина елшісі Мұнтасер Әбу Зейдпен кездескен мұнайлы өлкенің басшысы Нұрлан Ноғаев тосын жағдайды алдағы уақытта болдырмау мақсатында жергілікті биліктің тарапынан барлық шаралардың қолға алынатындығын атап көрсетті.

Палестинаның еліміздегі елшісі, доктор Мұнтасер Әбу Зейд мұны «өте ыңғайсыз жағдай» деп бағалады. Ол: «Бұл біздің қарым-қатынасымызға кері әсерін тигізбейді. Біз ортақ тіл табыстық. Жуырда ССС компаниясының иесі Қазақстандағы жұмыс пен ынтымақтастықты жалғастыру жөнінде сөйлесу үшін облыс әкімімен кездесуге келеді», — деді.

Теңіздегі толқыннан кейінгі жағдайдың ресми сипаты осындай. Ал оқиғаға себеп болған сурет, ондағы бойжеткен



туралы не білеміз? Жалпы, Теңізде шетелдіктер үшін «жын-ойнақ» ордасы бар ма? Атырау облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі бұл сұрақтың

ресми жауабын берді. Онда «WhatsApp мессенджерлері мен әлеуметтік желілерде таралған Теңіз вахталық кентінде бірнеше жезөкшелер ордасы анықталғаны туралы ақпарат шындыққа жанаспайды. Кент аумағында болған оқиғадан кейін қоғамдық тәртіпті бұзуға жол берілген жоқ» деп хабарлады құзырлы орын.

Бұл жағдай, әрине, барлық қыздарға қатысты емес. Абыройын сақтап жүрген араларымыз баршылық. Бірақ «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» деген мақал

### Дос КӨШІМ, саясаттанушы:

Қазақ қыздарында тәрбие ақсап тұрғанын жоққа шығара алмаймын. Қызды еркіне жібердік. Балабақша мен мектептерде «Балабақша аруы» мен «Мектеп аруын» қолдан жасап, бала тәрбиесін өзіміз бұздық. Университетке түскен күннен бастап бойжеткеніміз қалай киініп жүр. қайда барып жүр? Оған бас ауыртпаймыз. Содан кейін, ақсақалдар институтының өлсірегенін де алға тартатындарды естідім. Оны да жоққа шығармаймын. Бір ауылды уысында ұстап отыратын нағыз қариялар жоқ. Жетпістен асқан кейбір шалдардың түнгі клубтарда немересіндей қыздармен қыдыруы – тәрбиенің бұзылғаны емей немене? Алайда Теңіздегі төкетіретістің түпкі себебі – қыз «қылығынан» туған дүние емес, ол жанама себеп қана. Ал түпкі төркіні – еңбекәқы, жұмысшылар құқының бұзылуы, әлеуметтік теңсіздік.

Инвесторларға қатысты заңда «Шетелдіктер Қазақстанда жоқ мамандарды ғана алып келуі керек» деп жазылған. Бірақ шетелдіктер оны да белден басып отыр. Дәл осы жағдай Теңіз қалашығында ғана болып отырған жоқ. Бұл түйткіл Ақтөбедегі қытай компанияларында да бар.

Бұл арада менің қарным ашқан бір мәселе – тіл мәселесі. Осы уақытқа дейін шетелдік компаниялар қазақ тілін меңсінбей келеді. Қарым-қатынас орыс тілінде жүреді. Ортада Ресейден, тағы басқа елдерден келген аудармашылар қызмет етеді. Қазақ тілі, тіпті олар үшін керексіз. Сондықтан мәмлекеттік тіл мәселесі көтерілуі керек деп ойлаймын. Негізгі күші – қазақтар. Соны елімізге келген қай-қай инвестор болсын ескеріп, шаңыраққа қарауы тиіс.

осындай жағдайға байланысты айтылса керек.

**Р.С.** Кеше еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ақмәди Сарбасов Теңіз кен орнында жұмыс істейтін жергілікті жұмысшылардың орташа жалақысы туралы айтты. Ол «Орташа жалақы 223 мың теңгені құраған. Бұл мәліметті бізге жергілікті атқарушы органдар берді», — деді . Ал шетелдік жұмысшылардың айлығы еңбек инспекциясы жүргізген тексерістің қорытындысынан кейін жария етілмек. Вице-министрдің сөзіне қарағанда, жалақыға қатысты заңбұзушылық болған. А.Сарбасов «Мәселен, бір мамандықты алайық. Шетелдік қызметкердің еңбекақысына үстемақы қосылған. Ал жергілікті жұмысшыларда бұл қарастырылмаған. Осындай заңбұзушылық анықталды. Тиісті шара қабылданады» — деп атап өтті.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА, Атырау облысы

Апат

(Басы 1-бетте)



## АРЫС:

# СЕБЕБІ мен САЛДАРЫ

Қазіргі сәтте оқиғаға мүмкін болатын барлық себептер, оның ішінде өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамау, лауазымды тұлғалардың салғырттығы және басқа да нұсқалар қарастырылып жатыр», — деген пікір білдірді.

Сондай-ақ «оқ-дәрілер сақталатын қоймалардың қауіпсіздігіне бөлінген бюджет қаражаты қаншалықты тиімді жұмсалды, жарылғыш заттардың өзі қоймада дұрыс сақталды ма?» деген сұрақ та бүге-шіүгесіне дейін нақтылануда. Қорғаныс министрлігі «Оңтүстік» қолбасшылығы қолбасшысының орынбасары Ермиян Биятов: «Қазіргі уақытта әскери азаматтар жауапқа тартылуда. Тергеу



жұмыстары толығымен жүргізілуде. Әскери бөлім бастығы, оның орынбасарлары, басқа да басшылар түгел сұралуда», — деді.

Қаланы қалыпқа келтіру қалай жүріп жатыр? Бұл жүрдім-бардым орындауға болмайтын шаруа. Арыс қаласының әкімі Мұрат Қадырбек: «8867 үйдің қазір 7 мыңдайына акті жасалды. Бұл сол үйлердің барлығына қожайындары келді деген сөз», — деп түсіндірді.

Айтпақшы, арыстық кәсіпкерлер жыл соңына дейін салықтан босатылады. Бұл да жығылған жұртқа демеу. Қазір қолда бар



мәліметтерге сүйенсек, жарылыс салдарынан қаладағы 364 кәсіпкерлік нысанның 258-і бүлінген. Түркістан облысы әкімінің тапсырмасымен кәсіпкерлерге арналған «Камкор» бағдарламасы іске қосылған. Оларға 5 миллион теңгеге дейін 1 пайыз сыйақы мөлшерлемесімен кепілсіз несие беріледі. Несиенің өтеу мерзімі — 4 жыл. Іскер азаматтардың мәселесін шешу үшін «Атамекен» кәсіпкерлер палатасынан 25 маманы Арыста жүр.



Сондай-ақ Арыстан арсеналды шығару жұмыстары да басталды. Бұл туралы қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаев мәлімдеді. Н.Ермекбаев «Арыс қаласынан арсеналды шығару жұмыстары басталды. 90 жыл бойы тұрған арсеналды бір күнде көшіру оңай емес. Ол жерде көп көлемде оқ-дәрі жинақталған. Ол үшін басқа қауіпсіз жерден қойма дайындау қажет. Тасымалдау мен арсенал орналасатын жерде қауіпсіздікті қамтамасыз етеміз. Жұмысқа кірісіп кеттік. Ең бастысы, оқ-дәріні көшіру кезінде Арыс тұрғындарының және қатысты мамандардың қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. Оқ-дәрі қауіпсіз қоймаға жеткізіледі. Ондай нысан Қазақстанда баршылық», — деді мәлімдемесінде.

Жарас ШӨКЕ

## Қазақ REALISM



Қарағанды облысы, Абай қаласы 4.07.2019 жс.

## ҚАТПАҒАН ЖОЛ, ҚИСАЙҒАН КӨЛІК



Фото: TengriNews



Тіршілік кезі

**Жамбыл облысында «Ақ бұлақ» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарлама 2020 жылға дейінгі мерзімді қамтиды. Осыған байланысты елді мекендердің барлығы сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіледі. Облыста 678,5 мың халық тұратын 373 ауылда бүгінгі күні 199 елді мекен немесе ел-жұрттың 53,3 пайызы орталықтандырылған ауызсумен қамтылған. Жалпы, елді мекендердің 46,7 пайызы құдық, колонка, басқа да су кезін пайдаланады. Бұл көрсеткіштер алдағы уақытта жақсара түспек.**

камту үшін басқа да жаңа жоба әзірлеуі қажет. Бірқатар ауылдарда биыл жүзеге асырылатын, қаржысы бөлініп қойылған 8 жаңа жоба бойынша мердігерлер анықталып, жұмыс басталғалы тұр. Олардың қатарында Байзақ ауданындағы Талас, Сарыкемер, Жуалы ауданындағы Қарасаз, Талас ауданындағы Қасқабұлақ, Майтөбе, Сарысу ауданындағы Игілік, Өндіріс, Шу ауданындағы Мойынқұм, Мойынқұм ауданындағы Қылышбай ауылы бар. Бұрнағы жылдары республикалық бюджет есебінен жұмысы басталған сумен камту нысандары Қордай ауданының Қасық, Талас ауданының Есейхан, Сарысу ауданының Арыстанды және Қызылдиқан, Шу ауданының Абай ауылдарында биыл жыл соңында пайдалануға беріліп, тұрғындар таза ауыз суды пайдалануға қол жеткізеді.

Сонымен қатар облыстық

# АУЫЗ СУ ТАПШЫЛЫҒЫ ЖОЙЫЛАДЫ



Жамбыл облысы әкімдігі энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрлан Алдамжаровтың айтуынша, биыл 1 қантарда Тараз және Қаратау, Жанатас, Шу секілді монокала тұрғындарын орталықтандырылған сумен камту көрсеткіші 88,0 пайызды құрады. Онын ішінде Тараз қаласы тұрғындарының — 89,3, Қаратау қаласы — 100, Жанатас қаласы — 100, Шу қаласының 60,0 пайызы орталық құбырының игілігін көруде.

Бізге сұхбат берген Нұрлан Алдамжаров: «Биыл бюджеттен Тараз қаласын сумен камту бойынша екі жобаға 1775,2 миллион, ауылдық елді мекендерді сумен камту үшін 16 жобаға 5222,7 миллион теңге қаржы қарастырылды. Алдағы уақытта Тараз қаласының сумен камтылмаған аумақтарына ауыз су жеткізу мақсатында 7 жоба әзірленуде. Олар, негізінен, қаланың сырт жақтарында орналасқан және бұрынғы саяжайларда. Атап айтқанда, «Шалғай Қарасу — 1,2,3,4,5,6,7», «Қайнар», «Мичуринец», «Ақжол», «Родничок», «Тектұрмас», «Қарасай», «Барысхан», «Шөлдала», «Құмшағал», «Қызыл Абад», «Қазарма», «Көлтоған», «Жиделі» тұрғын алқаптарында жүзеге асыру көзделген. Осы жобалар іске асса, қала тұрғындары ауыз сумен түгел камтылады», — делі.

Н.Алдамжаровтың айтуынша, қазіргі таңда Шу қаласы бойынша 7 мыннан астам халық тұратын «Қосқұдық» алқабы сумен камту жүйелерінің құрылыс жобасы әзірленіп, сараптама қарауына тапсырылды. Жобаның құны — 300-350 миллион теңге. Жоба нақты іске асырылған жағдайда қала тұрғындарының 80 пайызы орталықтандырылған су құбыр жүйесінің игілігін көреді. Аудан басшылығы алдағы уақытта қаланы толықтай таза әрі сапалы ауыз сумен

бюджеттен Мойынқұм ауданында 2017 жылы басталған өтпелі екі жобаға (*Бұрылбайтал, Мирный, Қияқты елді мекендері*) биыл 596,4 миллион теңге қарастырылып, нысан жұмысы жыл соңында аяқталады. Осы жобалар бойынша пайдаланылатын су кезі — Балқаш көлі. Су құбыр желісі арқылы аталған елді мекендерге таза ауыз су жеткізілмек. Осы жұмыстар жүзеге асырылғаннан кейін, жыл соңына қарай аудандардағы 209 ауыл тұрғыны үшін орталықтандырылған су пайдалану мүмкіндігі тумак. Осы мерзім ішінде облыс бойынша тұрғындарды ауыз сумен камту көрсеткішін 56,0 пайызға жеткізу көзделуде.

Бұдан басқа, салалық министрлікке 2020-2022 жылдардағы республикалық бюджеттен қаржы бөлуге 5 ауданның 14 елді мекеніне жанадан су құбырын салу үшін 7090,2 миллион теңгеге өтінім тапсырылыпты. Бұл туралы басқарма басшысы: «Облыста ауыз сумен камтылмаған елді мекендерді 2020-2022 жылдары ауыз сумен камту жоспары әзірленген. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жыл сайын жобалық-сметалық құжаттамалар дайындалып, сараптама қорытындылары алынған соң, құрылыс-құрастыру жұмыстарына қажетті қаржы республикалық бюджет есебінен қарастырылады», — деп атап өтті.

Сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдары, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік, коммуналдық кәсіпорындар есебінен, басқа да көздерден қаржы іздестірілмек. Өңіріміздегі елді мекендерді ауыз сумен камту ісі облыс әкімінің де тұрақты бақылауында. Осы мәселе бойынша жиі-жиі жиын өткізіліп, мүдделі тараптарға тиісті тапсырмалар берілуде.

**Ерман ӘБДИЕВ,**  
*Жамбыл облысы бойынша мемлекісті тілші*

Серпін

«Балалы үй базар» дейтін халқымыздың қасиетті тағылымы нарыққа бағынған қазіргі заманда өзінің менін өзгерткендей ойға жетелейтін. Әр баланың жеке бөлмесі, алаңсыз өміріне қажетті түрлі керек-жарақтарды айтпағанда, киетін киімі мен ішетін тамағының өзі

отбасына салмақ салатыны өкінің біріне белгілі. Бұған шешілуі бұлыңғыр баспананың мәселесін қоссақ, «бала өмірдің базары», «баласыз үй қу мазар» дейтін мақалдардың мағынасы ауырлай беретіні сөзсіз.

АСТАНАЛЫҚ АНАЛАР РИЗА

Қазір Елордада 3221 көпбалалы ана мемлекеттен тұрғын үй алуға кезекте тұр. Уақыт өткен сайын бұл тізімінің ұлғая беретіні анық. Кезегі келіп, баспанасына ие болғанша,

да аз еместігін айта келе, Нұр-Сұлтаннан көпбалалы отбасыларды көшірерде мына бір мәселеге көбірек мән берілгенін жеткізді. Шарт бойынша отбасында кемінде бір адам жұмысқа жарамды, қандай да бір оқу орнын бітірген,

Елордалық аналар үшін өткен айда іс тігуден тегін шеберлік сабақтары ұйымдастырылып, 200-ден астам адам оқып шықты. Оларға матаны пішу, киім тігу әдістерін Қазақстан Президентінің «Алтын сапа» сыйлығының иегері Ырза Тұрсынзада үйретті. Бұл туралы ол кісі: «Бұл өнердің пайдасын айтып жату артық. Егер істің қыр-сырын толығымен үйренсе, үйде отырып-ақ ақша табуға болады. Шынымды айтайын, шәкірттерімнің арасында үйінде баласын баға отырып, айына 700-800 мың теңге табатындар бар. Үкіметке ауыз ашып, қарап отырғанша, бір уақ өз күшіне сүйеніп табыс табуға талпынған да дұрыс», — дейді.

ӘКІМДІК НЕ ДЕЙДІ?

Қалалық әкімдікке хабарласып, көпбалалы отбасыларға жасалып жатқан әлеуметтік көмек

алда тұрған тауқыметті күндер ата-ананың да, баланың да жүйкесіне ауыр салмақ түсіреді. Дегенмен, мемлекет те қарап отырмапты, күрмеуі қиын істің жаңа бір шешімін тапты.

Елордалық көпбалалы отбасылар үшін «Нұрлы Ертіс» берекелі бағдарламаға айналды. Алғашында әлеуметтік желілер арқылы «Астаналық көпбалалы отбасыларға Екібастұздан үш бөлмелі пәтер беріледі» деген ақпарат тараған. Расын айту керек, оған көпшілік сенінкіремей, алаяқтардың әрекеті болуы мүмкін деген болжам жасаған. Алайда бұл күмән бос болып шықты. Нұр-Сұлтан әкімдігінің «Тұрғын үй қоры» Екібастұзға көшуге ниет білдіргендердің алғашқы легін қабылдай бастады. Арада көп ұзамай, мамыр айының ортасына таман әкімдіктің арнайы автобустары мен жүк көліктері ұйымдастырылып, 25 отбасы қоныс аударды. Алай жайтты өз көзімізбен көріп қайту үшін біз де бірге жолға шыққан едік. Ұлан-асыр қуанышқа толы сәттерге куә болдық. Тіпті Екібастұз қаласында оларды баспанадан бөлек, тұрақты жұмыс, балалары үшін тегін

көпбалалы деген мәртебесі болуы тиіс екен. Егер дипломы бола тұра, өз саласында жұмыс істемеген болса, арнайы тәжірибеден өтіп барып жұмысқа қабылданады. «Үш бөлмелі үй түсімізге де кірмейтін. Бір апта бұрын ғана қуыстай үйді 40 мың теңгеге жалға алып, пәтер иесінің қас-қабағына қарайтын едік. Енді бір емес үш бөлмелі үйдің иесі болып отырмыз. Оған айына небәрі 8 мың теңге төлейміз. Бұған қоса, Екібастұз әкімдігі бізге жалақысы 120 мың теңгеден кем болмайтын жұмыс уәде етті. Күйеуім екеуіміз жұмыс істейтін болсақ, бұл бізге жасалып отырған керемет жағдай. Мұнда 5 жыл тұрсақ, үйді өз атымызға аударуға да мүмкіндік бар», — дейді төрт балалы ана Жанар Есқожанова. «Нұрлы Ертіс» бағдарламасы аясында



балабақша мен мектеп, қоғамдық көліктерге тегін билет секілді түрлі әлеуметтік көмек қарастырылды. Сол сияқты Павлодар облысының әкімдігі тегін мектеп формасымен, оқу құралдарымен, мектепте уақытылы ас-суымен, керек-жарақтарымен қамтамасыз етуді мойнына алыпты. Қоныс аударғандар жанадан салынған үйдің үш бөлмелі пәтері үшін айына 8 мың теңге төлеп тұрады. Бірақ келісімшарт бойынша сол жерде бірнеше жыл тұрса, баспананы жекешелендіріп алуға болады.

Мұны сырттай көргендер «бұл не деген батпан құйрық?» деген ойда қалары анық. Осының сырын білмек мақсатында Екібастұз қаласының Жұмыспен камту орталығының қызметкері Айгүл Шабекованы әңгімеге тартып: «Павлодар облысы өндірістік аймақ болған соң жұмыс күшін көбірек қажет етеді. Мұнда жұмыс көп болғанмен, оны істейтін жұмысшылар жеткіліксіз. Соның ішінде, әсіресе Екібастұз қаласында қажет салалардың қызметкерлері әлдеқайда аз. «Нұрлы Ертіс» бағдарламасы сол олқылықтың орнын толтырып, бізге мамандар тартуға септігін тигізіп отыр. Ал өңірлерден келген отбасылардың әрбір мүшесіне бір реттік 35 АЕК көлемінде көмек көрсетілсе, бір жылға дейін коммуналдық қызмет тегін. Жұмысшылардың жеткілікті болуы қаламыздың дамуына ықпал етеді. Айтарлығы, Елордалан келіп жатқан көш — Нұр-Сұлтан қаласы, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы әкімдіктерінің бірлесе отырып жасаған мәмілесінің нәтижесі», — деген жауап алдық. Әңгіме барысында ол мамандығы жоқ жұрт Екібастұзда



бүгінге дейін 54 көпбалалы отбасы, бас-аяғы 337 адам қоныс аударып, баспаналы болды.

БАҚЫТҚА БАСТАЙТЫН БАҒДАРЛАМА

Мемлекет тарапынан көпбалалы аналарға жасалып отырған жағдай «Нұрлы Ертіс» бағдарламасымен шектелмейді. Елордада соңғы жылдары шағын кәсіпкерлерді қолдау мақсатында түрлі бастама қолға алынып келеді. Солардың ішінде «1000 орын — көше саудасы» жобасының көпшілікке үлкен көмегі тиіп отыр. Осы жоба аясында көпбалалы ана Жәмила Наурызбаева 2016 жылдан бері көкөніс пен жеміс-жидек сатып келеді. Өз ісін табысты жүргізген ол 2018 жылы екінші орын алу үшін құжат тапсырыпты. Қазір саудасы екі орында қатар жүріп жатыр. «Astana» ӘКК» АҚ баспасөз қызметінің мәліметі бойынша, «1000 орын — көше саудасы» бағдарламасына жыл сайын 15 жер телімі бөлінеді. Олар елорданың өңірлік кәсіпкерлер палатасының ұсынымы бойынша халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарының қатарына кіретін жандарға үлестіріледі екен.

жайлы сұрағанымызда, мамандар орындалып жатқан біраз жұмыстың барысы туралы әңгімелеп берді. Олардың ішінде білім беру, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау салалары т.б. бар. Ең алдымен көпбалалы отбасыдан шыққан балаларға қоғамдық көліктерде тегін жүру билеттері, мектепте тегін ыстық тамақ, оқу құралдары, киімдер қарастырылған. Ал мектеп бітіргендер үшін елордалық ЖОО-ларға қосымша 50 грант бөлініпті.

Сонымен қатар 1 сәуірден бастап 5187 отбасыға, яғни 31122 адамға атаулы әлеуметтік көмек мөлшері 90 мың теңгеден жоғары болмақ. Ал коммуналдық төлем құны, көмір секілді қатты отын

түрлері әдеттегі бағадан әлдеқайда төмен. Бұдан бөлек, алдағы уақытта 1 млн теңгелік тұрғын үй сертификатын беру жоспарланып отыр. Яғни бұл сома баспаналы болуға төленетін алғашқы жарна.

Жақында «Сүндет — 2019» акциясы қолға алынып, оның аясында көпбалалы отбасыдан шыққан жүздеген бала сүндетке тегін отырғызылды. Мұндай шағын отанын құны 25 мың теңге болса, бюджеттен осы іске 10 млн теңгеден астам қаржы бөлініпті. Бұл бастама тамыз айында жалғасалды.

Түйін. Әр адамның жеке шаруасы болса да ұлттық дәстүрге көрсетілген бұл қолдау түрі еріксіз жүрекке жылылық әкелетіні рас. Алайда судың да сұрау бар екенін ұмытпаған абзал. Осы қолдаудан қуат алып, елдің білікті азаматы болуға талпынбасақ, бірді екі етіп, өзіміздің бар күшімізді жақсы өмір үшін аямай жұмсамасақ, «алма піс, ауызма түсті» бүгінгі заман талабы көтермейді. Мемлекет өз міндетін адал орындады, оған жауап қандай болатынын алдағы өмір көрсетпек. Дегенмен, баспаналы болып, көңілдері көкке самғаған отбасылардың қуанышындағы тау қопарар күшті көріп, бақытты болашағымызға куә болғандай болдық. Адамның ертеніне деген сенімнен асқан ұлы күш жоқ. Бұл тұрғыда Нұр-Сұлтанның жолы болып тұр.

**Ғабиден ДОСЖАН,**  
*Астана қаласы бойынша мемшiкті тілші*



**Exclusive**

«Мама, енді ешқайда бармай-ақ қояйықшы. Мен лагерге оралғым келмейді. Қазақстан сондай әдемі. Мұнда бәрі жақсы. Осы жерде қалайықшы». Бұл бес жыл уақытын Сирияда ұрлатқан Балжанның ұлы Ілиястың елге оралған сәтте анасына айтқан алғашқы сөзі. Жат ағымға уланып, адасқан Балжан сұхбат басталмас бұрын материалды өзінің суретімен қоса жариялауымызды өтіңді.

— Өзіңіз әп-әдемі, ақылды қызсыз. Мұндай жат ағымның жетегінде қалайша кетіп жүрсіз?  
— Орал қаласының тумасымын. Әкемнің жалғыз қызымын. Жалғыздығымды пайдаланып, еркелігімнен ажырағым келмейтін. Бірақ әкем мен анам ажырасып кетті. Сол кезде ішкі әлемімнің күл-талқаны шықты. Көп ұзамай анам екінші рет тұрмыс құрды. Мен ата-әжемнің қолында қалдым. Сыртқы әлемге деген өкпем ата-әже, ата-анаммен арадағы қарым-қатынасымызға кері әсер етті. Сөйтіп жүргенімзде, анам көз жұмды. Ол кезде мен 13 жаста едім. Аласұрып, қатты қиналдым. Өзімді әлемде жалғыз қалғандай сезініп, күйзеліске түсіп кеттім.  
— Содан...  
— Бірде Әйгерім есімді қызбен таныстым. Ол кезде Әйгерім намаз оқитын. Бір қызығы, ол үнемі ұзын қара киіммен жүруші еді. Бірақ нақ сол кезде мен үшін Әйгерімнің сыртқы тұрпатының еш маңызы болған жоқ. Басымдағы қиыншылықтын бәрін Әйгерімге айтып жүрдім. Іші-бауырыма кіріп алған ол маған ең жақын адамым сияқты көрінетін. Сөйтіп жүріп, Әйгерім мені дінмен таныстыра бастады. Кейін оның құрбыларымен жақын араласып жүрдім. Ол кезде 15 жаста едім. Жастықпен болса керек, Әйгерім бастаған қыздардың мені ата-анамнан артық жақсы көретініне сендірді.  
Арада уақыт өте келе, Әйгерім сияқты мен де қара жамыла бастадым. Бірақ отбасым никаб киноіме қарсы болды. Бар шағымымды, мұнымды жанадан тапқан құрбыларыма айтқан кезде, олар маған күйеуге шығуға кеңес берді. Сөйтіп, болашақ күйеуіммен таныстырды. Жолдасымның жасы біраз үлкендігіне қарамастан, оған тұрмысқа шығуға асықтым. Мені болашағымның қалай



болатыны емес, үйден тезірек құтылу жағы алаңдатып жүрген еді. Сөйтіп, 16 жасқа толар-толмастан, үйден қашып шығып, тұрмыс құрдым.  
— Әрі қарай не болды? Ол кезде жолдасың да өзімен бағыттас (*біни сенімі*) болды ма?  
— Құлсарыға келдік. Үйде тойдың ырымы жасалды. Өзге қалыңдықтар сияқты ақ көйлек кимедім. Үлкен тойдың жасалуына жолдасым қарсы болды. Себебі екеуіміз де ол кезде той жасауды харам деп түсінетінбіз. Күйеуім екеуіміз бастапқыда Құлсарыда, оның шаңырағында тұра бастадық. Кейін Атырау қаласына көшіп келдік. Күйеуім — үйінің тұңғышы. Бес баланың үлкені

болатын. Әрі менен жеті жасқа ересектігі бар. Колледжі, кейін институтты үздік дипломмен бітірген, өте сауатты жігіт. Теніз қалашығында жұмыс істеп жүрді. Сондықтан, мен күйеуімнің діни бағытта қателесіп жүргенін білмедім. Өзімді де тура жолдамын деп ойлайтынмын. Сөйтсем, күйеуім Атыраудан жасырын түрде Абдул Уахабтың (*теріс ағымның негізін қалаушы*) «Үш негіз» кітабы бойынша білім алған екен. Жасырын сабақ алған күйеуімнің алдымен Мысыр, кейін Сирияға бет алуына осы жағдай себеп болды. Мысыр астанасы Каирде жолдасым жеке орталықтан сабақ алып жүрді. Мен әйелдерге арналған араб тілі курсына барып, тіл үйрене бастадым. Ол кезде, әрине, оқуды аяқтаған соң, елге аудармашы маман ретінде

# ЖАНДЫ ҚУЫРШАҚҚА АЙНАЛДЫРҒАН

ораламын деп ойладым. Бірақ арада сегіз ай өткенде күйеуім Сирияға барып, халифат орнату жолында күресетінімізді айтты. Бұл 2013 жылдың сәуірі болатын. Осылайша, менің өмірімдегі ең үлкен қателік сағаты басталды...  
— Өзіңнің қателескенінді қашан, қандай жағдайдан кейін түсінді?  
— Ол жақта адасып жүрген қазақстандықтардың саны өте көп болды. Тіпті балаларымен қоса, ата-әжесін де ала келген көп отбасылар бар. Олар елдегі үй-жай, көліктерін сатып, Сирияға біржола келгендер еді. Мал-мүлкін сатудан түскен ақшаны ДАИШ-тің (*елімізде тыйым салынған террористік ұйым*) жендеттеріне «ортақ мақсат» үшін деп өткізіп жіберді.  
Ана жақтағы қантөгісті, қатыгездікті күнде көріп жүрген жолдасым да біздің адасқанымызды түсінді. Сол сәттен бастап біз жасырын түрде елге

Т-мәлі: jas\_qazaq@mail.ru

Тағдыры аянышты халге түскен бұлдіршіндердің арасында казак балалары да жүр. Сәбилерді ДАИШ шейхтарының 13-15 жастағы ұлдары аяусыз қорлап



жататын. Бірақ ол үшін кінәлілер жазаланбайтын. Кейін бұл қалыпты жағдайға айналды. Осындай жиіркенішті әрекеттерді жылы жауып қойып отырған ДАИШ билігінің әшейін бетперде киіп жүргенін түсіну қиын емес...  
— Әйелдерге қарым-қатынас қалай болды? Әйелдер үшін он неше рет тұрмыс құру қалыпты жағдай саналады дегенді естідік.  
— Мен өзім 10, 15, тіпті 19 рет күйеуге шыққан әйелдерді білемін. Ол әйелдің еркекжандылығынан емес, ДАИШ қоғамы әйелді осындай бейшара деңгейге дейін түсіріп тастағандығының нәтижесі. Ол жақта еркек әйелмен екі-үш күн тұрғаннан кейін ажырасып кете алады. Сөйтіп, екінші әйел алып, бір аптадан соң оны да тастай салады. Оқиға осылай жалғаса береді. Олар бір-біріне әйелдерді сыйлай салатын. Мұны өздері «құрмет» деп түсіндіретін.  
Қолдан-қолға «сыйлық» ретінде өткен әйелдерді білемін. Олар ата-аналарын еске алып, қатты жылайтын. Олардың ауыр тағдыры туралы естіп, мен де жылайтынмын. Жанды қуыршаққа айналған ол әйелдерді баскесерлер жезөкше деп атайтын. Ал, шындығында, әйелдерді қорлап отырған баскесерлердің өздері.  
— Ол жақтан қалай қашып шықтың? Елге келген жағдайда істі болудан қорықпалың ба?  
— Адасқанымызды түсінгеннен кейін күйеуім екеуіміз қашып шығуға күн сайын әрекеттеніп жүрдік. Арнайы топ құрып, талай мәрте қашқанымызбен, арасып, бәрібір баскесерлердің қолына қайта түсетінбіз. Сөйтіп жүргенде, біздің тобымызда болған атыраулық екі жігітті баскесерлер жазалап, атып өлтірді. Бірақ біз сонына дейін күресуге бекіндік. Ұзақ уақытқа созылған операциямыз сәтті аяқталып, күрдтердің қолына өз еркімізбен берілдік.  
Бастапқыда түрмеде жаттық. Кейін бізді тұтқындар лагеріне орналастырды. Лагерде жатқан уақытымызда тұтқында жүрген

и praktikтардың өзі «Ертең еліне барған уақытта он бес — жиырма жылға дейін түрмеде отырасын. Одан да ДАИШ-ке қайта барғаның дурыс» деп үгіттеп жүрді. Мен сол кезде, «Мейлі түрмеге отырып, шыққаным артық. Есесіне, жазамды өз елімде өтеймін. Әрі өз елімде балаларымның қауіпсіздікте боларына сенемін. Мына жерде өлім сағатын күтіп жүргеннен гөрі, он бес жыл түрмеде отырғаным артық» деп жауап беретінмін.  
— Балжан, қалай десек те, сіз бақытты адамсыз. Себебі соншама қатыгездіктің ортасынан елге аман оралып отырсыз. Қателескенің кеш түсініп, сүйегі далада қалған қарақөздеріміз

қаншама...  
— Расымен де, ол жақта шеттен келгендер үшін кері қайтатын жол жоқ. Соғыс даласында опат болғандардың бірі — құрбым Нұржамал. 1987 жылы туған. Құлсарының қызы. Оның төрт баласы болды. Күйеуі 2012 жылы терроризм бабы бойынша сотталған Нұржамал көп ұзамай балаларын алып, Сирияға қашып келді. Сол жерде тәжік жігітіне екінші рет тұрмысқа шықты. Бірақ күйеуі соғыста қаза тапты. Оңбай қателескенің кеш түсінген құрбым кейін әкесіне қонырау шалып, көмек сұрады. Әкесі жолын тауып, Нұржамалға бес мың АҚШ долларын аударалды. Бірақ құрбыма елге оралу бақыты бұйырмапты. Онда ақша барын біліп қалған казак әйелдер Нұржамалды алдап, жолға алып шығып, қинап өлтірген.  
Нұржамал екеуіміз жақын құрбы болдық. Үнемі елді армандап, жоспар құратынбыз.  
— Тағы бір сұрақ. Адамдар аяусыз қырылып жатқан ол жерден балаларды қалай аман сақтап алып келдіңіз? Естуімізше, көптеген сәби жарылыс, атыс кезінде шейіт болып кетеді екен...  
— Мен балаларымды үнемі жуынатын бөлмеде жасырып жүрдім. Терезесі жоқ жерді октын әнебір кереметтейі де тесіп өте алмайтынын білетінмін. Балапандарымды далаға мүлде шығармайтынмын. Себебі кез келген уақытта қанғыған ок тиіп кетуі мүмкін еді. Осындай арпалыстың үстінде сәбилерімнің балалық шағын ұрлағаным үшін, өзімді кінәлі сезінгенім рас. Балаларым ол жақтан ашық аспанды көрмей өсті.  
— Тағы не айтасыз...  
— Біз паналаған күрдтердің лагерінде шетелдіктер көп болды. Бес жыл, үш жыл бойына елінен хабар күтіп отырған әйелдердің қатары тіптен мол. Олар Қазақстанның «Жусан» арнайы операциясын жүргізіп жатқанын естіп, бізге қатты қызыға қарайтын. Себебі басқа мемлекеттер әйелдер мен балаларды ғана қайтарып жатыр. Онда да жылдап күтіреді. Ал біздің еліміз әйел-баламен бірге, ерлерді де әкетуде. Мұны көрген Ресейден, Кавказдағы Дағыстаннан келген әйелдер «Қазақстанның азаматы болғымыз келеді» деп те жүрді.  
Ұшақтан түскен уақытта да бізді әскерилер де, медбикелер де жылы қабақпен қарсы алып, тіпті құшақтап, жағдайымызды сұрап, бәйек болып жатты. Мен борттан шыққаннан бастап жылаумен болдым. Себебі бұл тоқтамай аққан қуаныштың көз жасы. Көп ұзамай үшінші сәбиімді өмірге әкелім. УЗИ шіміздегі нәрестемнің ұл екенін айтты. Амандық болса, ұлыма Президенттің есімін беремін.  
Күйеуім қазір Сирия даласында баскесерлердің қолында қалды. Хабар жоқ. Бірақ түбі ол елге оралады деген үміттемін. Аман-есен жеңілденген соң, университетке оқуға түсемін. Балаларымды өсіріп-жетілдіру үшін еңбек етемін.

**Сұхбаттасқан**  
**Баян ЖАНҰЗАҚОВА,**  
*Атырау облысы*

**Ұлт саулығы**

Елімізде медицина саласы қарқынды дамып, аймақтардағы әрбір ауруханаға дейін соңғы үлгідегі технологиялармен жабдықталуда. Бұл өз кезегінде науқасқа дер кезінде диагноз қойып, қажетті ем қолдануға жол ашуда. Осы орайда Б.Жарбосынов атындағы Урология ғылыми орталығының уролог-дәрігері Елшад Нәбиөвтен цифрландыру жүйесі қалай дамып келе жатқанын тәңірегінде әңгімелескен едік.

«**Медициналық ұйымдардағы барлық өндірістік процестерді стандарттаудың негізінде сапаны басқару жүйесі медициналық көмектің сапасы мен қауіпсіздігін тиімді көтеру үшін негіз болады.** Қазіргі заманғы технологиялар мен медицина ғылымының жетістіктерін енгізу негізінде ауруларды диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларын өзірлеу және жетілдіру жалғастырылады».

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

**Жас qazaq:** Елшад Смайылұлы, Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында медицинаны цифрландыру, жана технологияларды қолдануға баса назар аударылған. Сіз жұмыс істейтін орталықта цифрландыру жүйесі қалай жүзеге асырылып жатыр?  
**Е.Нәбиев:** Бүгінгі таңда цифрландыру жүйесін қарқынды түрде дамытуға атсалысып жатырмыз. Мәселен, қағазға хаттап түсірілетін ауру тарихы бүгінде электронды DAMU жүйесі арқылы жүргізіледі. Бөлімшелердегі наукас туралы барлық ақпаратты кез келген уақытта алып көруге, өңдеуге мүмкіндік бар. Биыл медициналық көмекті цифрландыру мақсатында «Алтын Пакс» жүйесін енгіздік.



Бұл бізге және науқастарға несімен тиімді? Айталық, бізге келген емделуші рентген немесе томографияға түссе, оның денсаулығы жайлы ақпарат бірден осы орталықтағы кез келген дәрігердің алдына келеді. Яғни бірден компьютерден көріп отырады. Сондай-ақ дәл сол уақытта қажет болса, рентген түсірілімін немесе томография нәтижесін басқа аурухана дәрігері де көріп, диагноз қоя алады. Барлық түсірілімдер «Алтын



айтканда, жасанды бүйрек қызметін атқарады.

Гемодиализде су жоғары сапалы 5 сатылы тазартудан өтіп, гемодиализ сапасын жоғары деңгейде жүзеге асырады. Бұл аппараттын ерекшелігі — жүрек-қан тамырларының гемодиализдегі асқинуды азайтады. Сонымен қатар ғылыми орталықта көпфункционалды бірегей экстракорпоральді магниттік ширықтыру (*ЭМШ*) жамбас бұлшық еттеріне арналған «Авантрон» аппараты бар. Бұл еліміз бойынша тек бізде бар. Аппарат магниттік ширықтыру (*стимуляция*) технологиясы негізінде жүзеге асады. Әлемде бұл заманауи технологияны жамбас ауруларын емдеумен қатар, оңалту мақсатында да қолданады. Электромагнитті

импульстар жамбас бұлшық еттерінің кезекті тартылуы мен босансуына, сондай-ақ токішек, қуық, жатыр, қуық асты безіне тікелей әсер етеді.

Нәтижесінде, қан айналымы жақсарып, іркілістің жойылуы мен бұлшық еттің ширауына септігін тигізеді.

Созылмалы жамбас ауруы, уақыттан бұрынғы эякуляция, эректильді дисфункция (*белсіздік*), жалпы простатэктомия операциясынан кейінгі оңалту, зәр ұстамау, әйелдердің гинеистық дисфункциясы, аноразмия, тинескологиялық дерттерді (*созылмалы эндометрит, жатырышілік синехиялар, жүктілік кезіндегі қиындықтар, жатырдың гипоплазиясы, сәтсіз ЭКУ (ЭКО), операциядан кейінгі жамбас астауындағы спайкалық асқинулар*) емдеуге пайдасы бар. Сондай-ақ авантрон аппаратының балаларға да көмегі көп. Балалардың өздігінен отыра алатын 3–4 жасынан бастап іш кату, зәр ұстамауы (*энурез*), үлкен дәреттің ұстамауы (*энкопрез*) секілді түрлі жамбас аурулары кезінде емдейтін таптырмас аппарат.  
**Жас qazaq:** Орталыққа жас мамандарды жұмысқа тарту, тәжірибе алмасу жағы қалай ұйымдастырылған?  
**Е.Нәбиев:** Қазіргі таңда тендесі жоқ EndoSchool атты жана жоба бойынша еліміздің түпкір-түпкірінен келген уролог дәрігерлер мен орталықтағы жас мамандар даярлануда. Онда лапароскопия мен эндоскопияның соңғы үлгідегі құрылғылары қойылған. Сонымен қатар профессорлардың бақылауында емдік-диагностикалық шаралар жас мамандар мен резиденттерге үйретілуде. Орталықтың қалыптастырған мүмкіншіліктері арқылы күннен-күнге жас мамандардың біліктілігі мен кәсіби шеберлігі артуда.

**Сұхбаттасқан** **Мақпал НОҒАЙБАЕВА**





www.jasqazaq.kz

E-mail: jas\_qazaq@mail.ru

# BIRLIK

Қазақ жері қашаннан береке мен бірліктің мекені. Осы игілікті сақтау, одан ары дамыту, достық пен бірлікті бекемдеу, дінаралық келісімді сақтау Қазақстан Халқы ассамблеясының күн тәртібінен түскен емес. Ең бастысы, ассамблея қызметінің нәтижесінде елімізде этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан, әрбір азаматтың конституциялық һәм азаматтық құқықтары мен еркіндігін толық қолдана алатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Ынтымақ ұйытқысына айналған ұйым бұл мақсаттарды жоғары деңгейде орындап келеді.

Жетісу өңірі еліміздегі ең бір көпұлтты аймақ болып есептеледі. Сондықтан этносаралық қарым-қатынас мен мемлекеттік ұлттық саясат мәселесі тұрақты назарда. Соның ішінде жастар қызметін жүйелеп, оны реттеп отыруды өзекті тақырыптың бірі ретінде қарастырады. Талдықорған қаласында облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы және Достық үйінің ұйымдастыруымен өткен жастар форумы аталған мақсат-міндеттерді тағы да бір рет айқындап берді.

үлестері өте көп. Сонымен бірге «Қазақтану» ғылыми-ағартушылық жобасы аясында облыстық ассамблея Жастар канатының «Жаңғыру жолы» Жол картасы жүзеге асырылуда», — дейді.

Ел бірлігі, халық тұтастығы, рухани жаңғыру мен эволюциялық даму — қоғамдық тұрақтылық, бірлік пен ынтымақ жағдайында ғана қол жеткізе алатын құндылықтар, саяси және экономикалық реформалардың, ұлттық жаңғыру үрдістерінің негізі. Қазақстан Халқы

Қазіргі таңда бүкіл әлемді шарпыған ғаламдық дағдарыс елімізге де өз салқынын тигізіп отыр. Мемлекетте қоғамдық-саяси тұрақтылық болмай, экономикалық салада жетістік болмайды деген қағиданы тарих әлдеқашан дәлелдеген. Сондықтан Қазақстан халқының бірлігін бұдан әрі жетілдіру міндеті мемлекеттік саясаттың басым бағытына айналды. Қазақстанның экономикалық дамуы, этносаралық қатынастардың әлемдік қауымдастық тарапынан мойындалуы, ең алдымен, жастардың еншісінде екендігі анық. Осы тақырыпта ой бөліскен І.Жансүгіров атындағы ЖМУ ғылыми-зерттеулер нәтижесін коммерциализациялау офисінің директоры, заң ғылымдарының магистрі, облыстық ҚХА мүшесі Дамир Дигай: «Елбасы биылғы жылды — Жастар жылы деп жариялауы тегіннен-тегін емес. Бұл бізге берілген үлкен мүмкіндік. Біз тәуелсіз елдің ұрпағы Елбасының саликалы саясатын жүзеге асыру арқылы жастардың қолынан не келетінін дүниежүзіне

## Татулық

Алматы облысының Іле ауданы өзіне тән табиғатымен, құнарлы жерімен, тарихымен, көп ұлттылығымен ерекшеленеді. Жыл басындағы ресми есеп бойынша, аумақта 212 мыңнан астам адам тіркелген. Ал шеткі аймақтарда 164 саяжай барын ескерсек, сонда тұратын, әлі тіркелмеген азаматтарды есепке алсақ, халық саны одан да көп шығары анық. Тұрғындардың 70 пайызын қазақ ұлты құраса, 30 пайызы өзге ұлт өкілдері. Олардың басым бөлігі – орыс, түрік, күрд, әзірбайжан, корей, неміс, ұйғыр халқы. Мұны айтып отырған себебіміз, осындағы ұлт пен ұлыстардың ауызбіршілігі мен ынтымағы ерекше. Бұл төңректе өзгелерге өнеге боларлық көп әңгіме айтуға болады.

# ҰЛЫЛЫҚ ҰЯЛАҒАН МЕКЕН

«Ауыл болсаң — қауым бол» деген мақалдың мәнін де, мағынасын да терең сезінетін тұрғындар бірліктің арқасында тірліктерін түзеіп жатыр. Осы жайлы сөз қозғаған Іле ауданы әкімінің орынбасары Алмасбек Сәттібаев: «10 округ, 31 елді мекенде тұратын ел-жұрттың ешқайсысы тұрмысына, ұлттық алалау, әлеуметтік кемсітушілікке қатысты шағымданып көрген емес. Осында тұратын өзге ұлт өкілдері қазақ халқымен ынтымағы жарасып, ағайындай араласып кеткен жайы бар. Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін жетілдірудің бағдарламасы, Конституцияны, «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңды, басқа да нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып, жоспар бойынша жұмыс жүргізіліп келеді. Тіпті азаматтардың діни наным-сенімдеріне де серек қарап, діни парызын емін-еркін атқаруына жағдай жасалған. Мешіттер де, шіркеулер де, олардың жанындағы білім орталықтары да жұмыс істеп тұр. Ұлтаралық немесе дінаралық араздық туындап қалмас үшін олар өзара тығыз бірлесе жұмыс істейді», — деді.

Аудандағы Сахид Чатуев жетекшілік ететін күрд этномәдени орталығы, Лилия Гасанова жетекшілік ететін славян этномәдени бірлестігі, Т.Шевченко атындағы «Просвита Жетісу» украин этномәдени бірлестігі, Мехриса Бакиева жетекшілік ететін еліміздегі ұйғырлардың этномәдени бірлестігінің қызметі, олардың ел игілігі жолында жасап жатқан жұмыстарының жемісін мақтанышпен айтуға болады. Әкімдік жанындағы Қоғамдық кеңес, Ақсақалдар мен Аналар кеңесінің мүшелері де түрлі ұлт өкілінен құралған. Бөрінің мақсаты — ұлтаралық, дінаралық бірлікті сақтай отырып, саналы ұрпақ тәрбиелеу, еліміздің болашағы үшін жемісті жұмыс істеу. Ал әзірбайжан мен түрік ұлтының этномәдени бірлестіктері тіркеуден енді өтеді. Аудан көлемінде ұйымдастырылатын барлық іс-шаралар бірлестіктердің қатысуынсыз өткен емес. Айталық, Жаңа жыл, Наурыз, Масленица секілді мерекелер өнерпаздардың қатысуымен кен ауқымда атап өтіледі. Тіпті жекелеген өнерпаздар аудан атын дүрілдетіп тұр. Айталық славян орталығының «Жель» ансамблі республикалық, халықаралық байқауларда бак сынап келеді. Украин мәдени орталығының «Просвита Жетісу» хоры көптеген байқауларға қатысқан. Роза Оспанова басқаратын славян мәдени орталығының «Гнездышка» ансамблі Қазақстан Халқы ассамблеясы ұйымдастырған республикалық



жоктың қасы. Дегенмен 8-10 балаға дейін ұл-қыз асырып отырған ата-ана баршылық. Олардың әрқайсысы құзырлы мекемелер тарапынан тізімге алынып, тиісті көмек беріліп тұрады», — дейді.

Іле ауданындағы Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшелері де қол қусырып қарап отырған жоқ. Мемлекет саясатын ілгерілетуге, ұлтаралық достықты насихаттауға, этносаралық келісімді нығайтуға барынша атсалысып келеді. Аудандық «Іле таны» газетінде, әлеуметтік желілерде ассамблея мүшелерінің, этномәдени бірлестік өкілдерінің ұлтаралық келісімді нығайту мәселелеріне арналған мақалалары жарияланып, қайшылықпен келіспеушілікті түпкілікті болдырмаудың жолдары ұдайы қарастырылады. Мысалы, аудандық мәслихат депутаты, күрд мәдени орталығының төрағасы Сахид Чатуев аудандық қоғамдық келісім кеңесін басқара отырып, түйінді мәселелерді шешуге кент және ауылдық округтерден жастарды, Аналар кеңесінен өзге ұлт өкілдерін белсенді тартып отырады. Әр айда «Қайырымдылық керуен» атты іс-шараны ұдайы ұйымдастыруда да ұлт пен ұлыстардың қызметі кісі қызығарлық. Белсенділіктің арқасында өз ортасында танымал тұлғаға айнала бастағандар да баршылық. Солардың бірі де бірегейі — Қазақстан Халқы ассамблеясының 25-сессиясына делегат болған №18 орта мектептің мұғалімі В.Талос. Ол биік мінберден өнегелі сөз сөйлеп, ассамблея Төрағасының орынбасары Жансейіт Түймебаевтың қолынан бағалы сыйлық алды.

Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іле ауданының 2017-2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес мемлекеттік тілін үйрену үшін барлық адамдарға қолдау көрсетіледі. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту үшін «Тіл» оқыту әдістемелік орталығында білім деңгейі бойынша тегін курс ұйымдастырылған. Сонымен бірге 2020 жылға дейін этномәдени бірлестіктер жанындағы қазақ және ана тілдерін оқытатын курстармен қамтыған этностардың үлесін 70 пайызға көтеру көзделіп отыр. Биыл бірінші жарты жылдықта мемлекеттік тілді оқыту курсына 70 тыңдаушы қабылданып, оның ішінде 9 этнос өкіліне В1 деңгейі бойынша тілді толық меңгергені туралы куәлік табысталды. Сонымен қатар мектепке дейінгі білім беру орындарында мемлекеттік тілдің деңгейін көтеру мақсатында «Қазақшан қалай, балақай?» атты дәстүрлі байқау жыл сайын ұйымдастырылып келеді. Бұл жерде аудан бойынша 48 орта білім беретін мектеп пен 9 мемлекеттік балабақша жұмыс істейтінін ескерсек, мемлекеттік тілді үйренуге барлық мүмкіндік жасалған. Оларда 16 ұлт өкілі білім алып, тәрбиеленуде. Жалпы, мектептерде үш тілдік білім беру жүйесі қолға алынған. Соның



байқаулардың лауреаты. Анастасия Мельник басшылық ететін «Элегия» ансамблі «Жетісу жұлдыздары», «Қазақстан біздің ортақ үйіміз» достық фестивалінің жүлдегері. Бәрі де кез келген мәдени шаралардың басы-қасында жүреді.

Іле ауданының атын шығарып, еліміздің көк туын әлемге танытқан талантты спортшылар да көп. Мысалы, әзірбайжан жігіті Әли Ахмедов бокстан еліміздің чемпионы, халықаралық турнирлердің жеңімпазы, WBC белбеуінің иегері. Күрд жігіті Әли Балоев бокстан еліміздің чемпионы, халықаралық турнирлердің жеңімпазы, NABF белбеуінің иегері. Ұлты орыс Максим Фуртаев қазақ күресінен ел чемпионы, «Қазақстан Барысы» турниріне қатысушы, спорт шебері. Түрік жігіті Артур Абдуллаев Тайландта Муайтайдан өткен әлем чемпионатының күміс жүлдегері, ел чемпионы, халықаралық турнирлердің жеңімпазы. Ілелік азаматтар қай салада, қандай жұмыс істесе де, достықты қатты қалірлейтіндердің қатарында. Бәрі де туған жерінің тарихын қалыптастырып, болашақ ұрпақтың қамын ойлаудан шаршаған емес.

Әңгіме арасында Алмасбек Қожабекұлы: «Аумақта негізінен мұсылман ұлты тұратындықтан, олардың отбасында бала-шаға көп болатыны белгілі. Қазір төрттен көп баласы бар ата-аналардың толық тізімі жасалып, мемлекет тарапынан көрсетілетін тиісті көмектен сырт қалмау үшін жағдай жасалып жатқан жайы бар. Бұл жерде ілгерідегідей 10-15 баласы бар аналар

# ЖАСТАРҒА АРТЫЛАР СЕНІМ МОЛ



Бүгінде облыстық ассамблея белсенділерінің қатары 60 мың адамға жуықтап қалыпты. Ол 71 этномәдени бірлестіктің, 422 қоғамдық келісім кеңестің, 266 Аналар кеңесін және басқа да маңызды құрылымдардың басын біріктіріп отыр. Барлық деңгейдегі қоғамдық келісім кеңестері тек өткен жылдың өзінде жергілікті жерлердегі өзекті мәселелерді шешу үшін 1800-ден астам шара өткізілген. Оған қоса, өңірде 68 медиация орталығы белсенді жұмыс істеп тұр. Бұның өзі этнос арасындағы татулықты сақтауға үлкен ықпал етті.

Еліміздегі тұрақтылық пен халық бірлігі, бейбіт өмір мемлекет дамуының негізі болып отыр. Қазіргі таңда қазақстандық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің моделі қалыптасып, әлемге танылды. Осы ретте, мұндай игілікке жол ашқан ассамблея тарапынан қолға алынған «Қайырымдылық керуені» акциясын айтуға болады. Бұл тұрғыда облыстық ассамблеяның бас маманы Сәуле Сұрабалдинова: «Биыл өңірімізде қайырымдылық шаралары жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Сонымен қатар көпбалалы аз қамтылған отбасыларды қолдаудың әлеуметтік картасы дайындалды. Бұл барыста облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен этникааралық келісімді, қоғамдық тұрақтылықты сақтаудағы этномәдени бірлестіктердің қосқан

ассамблеясының жанынан құрылған «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы осы мақсатта ерекше жұмыс істеп келеді.

Жоғарыда аталған орталықтың жетекшісі Руфина Усановадан білгеніміздей, «Туған жер», «100 жаңа есім» және «Қазақстанның киелі географиясы» сынды бағдарламаларға жастар белсене қатысып, экспедиция ұйымдастырылып, өз үлесін қосуда. Өткен жылы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы мен Достық үйі — қоғамдық келісім орталығының бірлесе ұйымдастыруымен «Жұлдызы жарқыраған Жетісу» атты шарада «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы барынша белсенділік танытты. Бұдан өзге «Мен қазақша сөйлеймін» және «Мектепке жол!», «Қазақ халқына мың алғыс» акциясына белсене қатысса, «Бірлік» халықаралық лагерінде бірегейлігін көрсетті. «Өзінді таныт» облыстық байқауы, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің базасында Startup Arademy ZHGU жобасы аясында «Мой StartUp 2018» атты жастар мен жас кәсіпкерлердің инновациялық жобаларды қалай жүзеге асыруға арналған кеңес өтіп, жастардың өз ісін жетілдіру жайлы бағыт-бағдар көрсетті. Қысқасы, әр этнос жастарының басын біріктірген «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы өңірдегі барлық іс-шараға белсене атсалысып, өздерінің белсенділігін танытып келеді.

танытуымыз керек. Олардың қолынан қандай іс келетінін сөзбен емес, іспен дәлелдеуіміз қажет. Елбасы бүгінгі жастарға қарата айтқан сөзінде де еліміздің көрікті жерлерінің бөрін аралағанын, әсіресе Елбасы жастарды сапалы білім алып, ғылымды дамытуға, өркениет көшінен қалмай уақыт талабына сай адымдауға шақырды. Жас ғалымдарды қолдау мақсатында бөлінетін грант көлемін екі есе арттыруды тапсырды. Бұл бізге үлкен серпін беріп қалмастан әр ұлт жастарының қоян-қолтық бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік береді», — дейді.

Оның ойын құптаған жас ана, хоккейден спорт шебері, жаттықтырушы Зарина Ілиясова, №5514 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары, майор Берік Жанулиндер жастарға патриоттық тәрбие берудің тетіктерін тауып, сол бойынша өмір сүру салтын қалыптастыру керектігін алға тартты.

Қашанда жастардың білімін жетілдіру, біліктілігін арттыру, сенімін шыңдау. Ең бастысы, жастардың қоғамға қосатын үлесінің салмағын арттыру маңыздылығын жоғалтпайды. Сондықтан барынша құлшына еңбек етіп, елдің жүгін ерінбей көтеріп, ертеңгі болашақты кемел ететін жастарды тәрбиелеген жөн.

**Қажет АНДАС,**

*Алматы облысы бойынша меншікті тілші*



Тарих

Ұлтымыз үшін ауыр сын болған, тарихымызда мәңгілікке калуға тиіс айтулы оқиғаның бірі — Бұланты шайқасы. Егер Бұланты мен Анырқай шайқастары болмаса, қазақ ордасы осыдан жүз жыл бұрын мүлде тозып, құрып кеткен Ноғай ордасының кебін киері анық еді. Осы шайқастар қазақ батырларының ерлігін айқындады.

XVIII ғасырдың жиырмасыншы жылдары қазақ үшін қасіретті жылдарға толы. Жан-жақтан бөрідей ұмтылған жоңғар — қалмақтар халықты қырғынға ұшыратты. Жоңғарларға қарсы алғашқы ірі шабуыл Ұлытау аумағындағы Бұланты Білеуті өзенінде болды. Бұған үш жүздің барлық әскері қатысты. Жауға алғаш соққы Сарысудың батыс жағалауында Шұбартеңізде берілді. Қазақтардың екпіні қатты еді. Жау амалсыз аттын басын кері бұрып, Білеутіге қарай шегінді. Осы кезеңде кіші жүздің биі Байжан баласы Сартай

Бүгінде еліміз абыройы асқақ, төрткүл дүниені мойындатқан мемлекет. Бірақ біз осы жеңіске қалай қол жеткіздік? Ғасырлар бойы бабаларымыз аттың қомында жүріп ел қорғады. Дүниеден небір батырлар өтті. Олардың арасында белгілісі де, белгісізі де жеткілікті. Айналып келгенде, «ақ білектің күші мен ақ найзаның ұшы» қазақ ұрпағын бүгінгі бақытты күнге жеткізді. Осы орайда қазақ елінің тұтастығы мен тәуелсіздік үшін күрескен тарихи тұлға, батыр әрі би Сартай Байжанұлы туралы ерекше айтуға болады.



Сартай батыр ескерткіші, 2008 жыл

# АЛТЫ ЖАСЫНДА АРҒЫМАҚ МІНГЕН

батыр Әбілқайыр ханның жасағын іздеп шығады.

Бір айта кетерлігі, жоңғарлар мылтықты сатып алумен, тартып алумен қатар, оны өздерінде жасауды қолға алған. Ал қазақтың мылтыққа зеңбірікке қарсы қолданғаны — айбалта, садақ, найза, қылыш еді. Бұланты шайқасын азаттық жолындағы «Ұлы Отан соғысы» деуге негіз бар. «Барша қазақтың әр қимылы мен іс-әрекетінде ел сүйіштіктің айқын белгісі болмаса, Отанымызды үлкен қатер күтіп тұр» деп, Сартай атамыз осыдан үш ғасыр бұрын бекерден-бекер айтпаған еді. XVIII ғасырда Каспий теңізінен Алтайға дейін жайылған қазақ даласында ұлтымыз үшін қиын қыстау сынақ

тапқыр, ақылды, қайратты жігіттерді іріктеген. Алып қол жинап, жаттықтыруды жолға қойған Байжан би Сартайдың бала кезінен ширақ, атқа үйір болуына байланысты, оған «Шалғасқа» атты ақ қасқа құлынды атап, шабандоздыққа баулыған. Бұл құлын Сартаймен бірге талай сұрапыл шабыстан өтіп, жауға шабар атына айналған. Сартай 6 жасқа келгенде әкесі: «Сен азамат болдың, болашақта елді қорғайтын нағыз батыр боласын» деген сеніммен шеберлерге күміспен көмкерілген ер жасатып, қамшы өргізіп берген. Қазіргі кезде бұл құнды дүние, яғни «ашамай» батырдың ұрпақтары Көкебай Қуаназардың қолынан өтті. Орал қаласындағы өлкетану музейінің «Алтын орда» залында тұр.

болашақта қазақ жерінде өмір сүретін де, оны қорғайтын да жастар еді. «Ер намысы — ел намысы», «Ел үмітін — ер ақтар, ер атағын — ел сақтар» деген сөздер жайдан-жай шықпаған деп айтатын. «Нағашы жұрттың жақсылығына сүйенеді, жамандығына күйінеді» дегендей Сартайдың нағашылары да тегін адам емес екені белгілі. Олар табын руынан — атақты Бөгенбай мен Есет батыр болатын. Сартай сол кездегі ұлтымызға төнген қауіпті, елдің даму жағдайын, бабаларымыздың жетік тәрбиесін зерттеп, ұлтын жерін аман алып қалу үшін, ең бірінші қазақ арасында татулық, бірлік керектігін, жауды толық жеңу үшін шағын топ емес, үш жүздің батырларынан құралып, арнайы дайындықтан өткізілген әскер жасақтау қажеттілігін талқыға салған. Халқымыз ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігіне қол жеткізуге атсалысқан Сартай батыр мен «Мың бала» ерліктерін көрсету арқылы халықты патриоттық отансүйгіштік тәрбиелеудің маңызы зор. Еліміздің төрінде қазақ батыры Сартай Байжанұлы бастаған «Мың бала» жорығына қатысты елдің рухын көтерер ескерткіш орнатылып, Нұр-Сұлтанда және Алматы, Шымкент қалалары мен әр облыстар мен қалалардың көрнекті жерден көше атаулары беріліп, білім мен тәрбие беру ошақтарында олардың ерлігі дәріптелуі тиіс.

Еліміздің тәуелсіздік алып, еңсесін тіктеуі бабалар рухына деген құрметімізді бұрынғыдан да арттыра түседі. Сартай атамыз бір ғасыр өмір сүріп 1818 жылы өмірден озған. Бейіті Қызылорда облысының Қазалы ауданында Қызылқұмдағы діни ұстазы Қасымқожа мен Жалантөс батыр ұрпағы Дәулет бақысының жанында орын тепкен. Бұл батырдың қазақ жадында сақтала берері анық.

**Индира БАРМАҒАМБЕТОВА,**  
**Орыпбек ШӘРІПОВ,**  
*Ақтөбе қаласының*  
*Құрметті азаматы*

# RÝHANIAT

**E-mail:** [jas\\_qazaq@mail.ru](mailto:jas_qazaq@mail.ru)



[www.jasqazaq.kz](http://www.jasqazaq.kz)

## Тіл – тірек

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында латын қарпіне көшу мәселесіне тоқталып, 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісу керектігін айтқаны белгілі. Шын мәнінде, бұл қоғамда үлкен серпіліс туғызды. Қазір қызу жұмыстар жүргізіліп жатыр. Осы орайда латын әліпбиіне көшудің маңызы мен ерекшеліктері жөнінде А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы, профессор, ҰҒА корреспондент мүшесі Зейнеп Бозарбаевамен сұхбаттасқан едік.

**Жас qazaq:** Зейнеп Мүсілімқызы, Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың латын қарпіне көшу бастамасына маман ретінде берер бағаныз қандай?

**З.Базарбаева:** Елімізде латын графикасына көшу «Рухани жаңғыру» аясындағы бағдарламаның бір бөлігі болып табылады.

# БОЛАШАҚ ЛАТЫН ТІЛІНДЕ

Елбасы атап өткендей, латын әліпбиіне көшу еліміздің дамуына, болашақтың қамына қарай бағытталған. Мұны үлкен жетістік деп санаймын. Бұл қадамның ел үшін тарихи мәні өте зор. Өйткені, латын графикасы арқылы біз ақпараттық кеңістікке кіреміз. Қазір байқасаныздар, сөздердің 70-80 пайызы латын графикасы көшіп келеді. Ал латын графикасы арқылы тарихымызды, мемлекетімізді, мәдениетімізді, дәстүрімізді тануға жол ашылады. Қазір цифрландыру заманы басталды. Осы арқылы жаһандық дамуға жол ашамыз. Сонымен қатар еліміздің бәсекелестігі артады әрі көкжиегіміз кеңейеді. Қазір білім саласында 3 сатылы жүйе қабылданған. Олар — бакалавриат, магистратура және докторантура. Мәселен, магистратура мен докторантураға түсу үшін ағылшын тілінен емтихан тапсыру керек. Диссертация қорғау үшін халықаралық Scopus журналда Thomson Reuters бағытында мақала жариялау қажет. Сондықтан осы латын графикасы арқылы жастар жаһандық білім жүйесіне кіреді. Бұл жастарға өте қажетті деп ойлаймын. Қазіргі таңда елімізге, көшіп келген отандастарымыздың бірі — кириллица, бірі — араб графикасын қолданып жүр. Егер бөріміз бірыңғай латын қарпіне көшсек, онда ортақ тіл табысу да оңай болар еді. Түркі тілдес елдердің латын графикасына көшкенін білеміз. Жақында бізде де латын әліпбиінің соңғы нұсқасы бекітілді.

**Жас qazaq:** Латын әліпбиінің соңғы нұсқасында қазақ тілінің фонетикалық, терминологиялық сынды заңдылықтары толық сақталды ма?

**З.Базарбаева:** Бізде әліпбиі бекітілді. Ең алдымен, оның тұжырымдамасы жасалған болатын. Соның негізінде емле ережелері жасалды. Әліпбидің үлгісі мақұлданып, баспасөз беттерінде жарияланды. Бірақ маман ретінде айтарым, жана нұсқа әлі де ұсақ-түйек өзгерісті талап етеді. Кейбір қателерді әлі де түзетіп жатырмыз. Жақында орфографиялық топтың отырысы болады. Жиында туындаған мәселелердің барлығы шешіледі деген ойдамын.

**Жас qazaq:** Жалпы, латын әліпбиінің нұсқасында қазақ тілінің табиғи қалпы сақталды ма?

**З.Базарбаева:** Латын әліпбиін жасауда институт мамандары

**«Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес»**

(Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан)



ең алдымен тілдің диалектикалық заңдылықтарын ескерді. Мамандарымыз қазақ тілінің табиғи қалпын сақтап қалуға бар күшін салды. Осы жерде сингармонизм заңына да баса назар аударылды. Ең алдымен өзіміздің ұлттық дыбыстарымыз бір таңба жүйесімен көрсетілді. Ал алдыңғы нұсқада диграфтармен көрсетілген еді. Себебі біздің тіліміз альтернативті жалғамалы тілге жатады. Ол дегеніміз — сөздеріміз ұзын. Сөйлемді диграфтармен жазсак, мүлдем ұзын боп кетеді. «Диграф» деп латын тіліндегі қос таңбамен берілген дыбыстарды айтамыз. Одан кейін бізде апострофты қолдану бар. Ол дегеніміз — дауысты дыбыстардың бір таңбамен белгіленіп, дауыссыз дыбысқа ауысуы. Сондықтан мәтіндер ұзын болып кетіп, бөлшектерге бөлініп, қай жерде сөздің басы, қай жерде аяғы белгісіз болып шатасқан болатын. Жоғарыда атап өткенімдей, бұл әлі де соңғы нұсқа емес. Болашақта ұсақ ескертулер салынып, латын графикасының түсінікті әрі нақты болуы үшін әлі де түзетулер енгізілетін болады.

Жалпы алғанда, тілдің табиғатын сақтауға бағытталған және ол жерде біздің әліпбиімізде емле ережелер ескерілгенін атап өткім келеді. Тағы айтарым, емле жасалғанда оның белгілі бір қағидалары сақталуы керек. Тіл білімінде бірнеше қағида бар. Олар дәстүрлі фонетикалық, хронологиялық, морфологиялық, сынды бірнеше қағидаларды пайдаланды. Мысалы, дәстүрлі принцип Еуропа елдерінде пайдаланылады. Өйткені, олардың тілінде жазылу мен айтылу арасында бірнеше айырмашылық бар. Олардың жазуы өте ертеде қалыптасқан. Еуропа тілдерінде 26 әріп бар. Фонетикалық қағида біздің тілімізге жақын. Бізде дыбыс қалай айтылады, солай жазылады.

Сұхбаттасқан  
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Сартай батырдың бейіті



жылдары болып, ел басына «ел болу, не табанға түскен құл болу» күні туды. Сондықтан Байжан би мен Бүкірек батыр және ел арыстары Сартайдың талабын қолдап, үш жүздің басын қосу үшін барлық қазақ рулары арасынан елім, жерім, қазағым деп жанып тұрған, өжет,

Әкесі Байжан Сартайды жастайынан өмір көрсін, айналасын біліп, дербес шешім қабылдап үйренсін деп жанынан тастамаған. Сауатын ашсын деген ниетпен сол кездегі білім көзі — діни оқу оқытқан. Ел арасындағы халық мүддесіне қатысты өткізілетін жиындардан

## БОТАЙ ҚОРЫМЫ



Ботай қорымы – жылқы өсірушілердің алғашқы қонысы. 6 мың жылдық тарихы бар мекен.

Жекебатыр тауы, Ақмола облысы



## АСЫА МУРА



Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен Кенен Әзірбаев атындағы облыстық филармония ұйымдастырған шараның мақсаты – Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты

Тараз қаласында Ұлттық домбыра күнін ұлықтау мақсатында Жамбыл облысы әкімінің қолдауымен «Көне Тараз күмбірі» І республикалық этно-фольклорлық ансамбльдер байқауы өтті.

«Тараздан тарту» атты би композициясы ұсынылды. Жалпы, мұның алдында байқаудың бірінші кезеңінде өнер ұжымдары Жамбылдан шыққан композиторлардың немесе көне Тараздың тарихын сипаттайтын бір туындыдан орындаса, ал екінші кезеңде Жетісу өлкесінің шығармаларын орындаған еді. Сөйтіп, өнерпаздар гала-концерттің алдында Ұлттық домбыра күніне арналған «Домбыра – халық мұрасы» атты домбыра party-ге қатысты. Мұнда өнер шеберлері мен Кенен Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясының қазақ ұлт-аспаптар оркестрі халықаралық байқаулардың лауреаты Адай Жұмат және Қазақстанның еңбек сіңірген



## жыр әуеледі

мақалаларындағы ұстанымдарды ілгерілету, дәстүрлі музыка өнерін насихаттау. Сондай-ақ, облыстың 80 жылдығы аясында аймақта ұмыт болып бара жатқан бабалар мұрасын қайта жаңғырту, өңірден шыққан композиторлардың туындыларын насихаттау, этно-фольклорлық ұжымдардың шығармашылық қарым-қатынасын қалыптастырып, тәжірибе алмасуды мұрат еткен байқауға елімізден 16 ансамбль қатысты.

Ежелгі Тараз жерінде елге күмбір күйін тарту еткен Ықылас Дүкенұлы, Кенен Әзірбаев, Әбдімомын Желдібаев, Садыхан Әубәкіров, Мәди Шаутиев, Байсерке Кылышұлы, Тұраш Әбуов, Алтынбек Қоразбаев, Боранқұл Қошмағанбетов, Аман Малдыбаев, Мұқтарбай Рахманқұлов, Ержан Рысметов, Талғат Орынтаев, Асыл



Жынғылбаев, Өмірғали Ертуған, Олжас Байбек және басқа да талант иелерінің мол мұрасы ұлт құндылықтарына айналды. Бұл төңіректе Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Дәурен Ғылымов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ғалым, композитор, Әлқуат Қазақбаев, күйші, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ермұрат Үсенов, күйші-композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Әбдімомын Желдібаев тұщымды ойларын ортаға салды.

Байқау театрландырылған қойылыммен басталып, Ықылас, Жамбыл, Кенен және Нұрғиса бабаларымыздың образдары сомдалды. Сонымен қатар

«Тараздан тарту» атты би композициясы ұсынылды. Жалпы, мұның алдында байқаудың бірінші кезеңінде өнер ұжымдары Жамбылдан шыққан композиторлардың немесе көне Тараздың тарихын сипаттайтын бір туындыдан орындаса, ал екінші кезеңде Жетісу өлкесінің шығармаларын орындаған еді. Сөйтіп, өнерпаздар гала-концерттің алдында Ұлттық домбыра күніне арналған «Домбыра – халық мұрасы» атты домбыра party-ге қатысты. Мұнда өнер шеберлері мен Кенен Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясының қазақ ұлт-аспаптар оркестрі халықаралық байқаулардың лауреаты Адай Жұмат және Қазақстанның еңбек сіңірген

қайраткері Мұқтар Рахманқұловтың дирижерлік етуімен Түркештің «Көңілашар»

күйін, Мәдениет қайраткері Аман Молдыбаевтың бастамасымен «Көне Тараз» күйін, күйші-композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Әбдімомын Желдібаевпен бірлесе «Ерке сылқым» күйін, Құрманғазы Сағырбайұлының «Балбырауын» және «Сарыарқа» күйін бірлесіп орындады.

Гала-концертте облыстық филармонияның дәстүрлі әншілері мен жөнімпаз атанған ансамбльдер өнер көрсетіп, С.Кәрімбаевтың «Жамбыл жастар вальсі» әнімен түйіндеді. Марапаттау рәсімінде Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Сұлұаш Сәтбекқызы сөз алып, жөнімпаздарды құттықтап, марапаттарын табыстады. Қазылар алқасының шешімімен бас жүлде – лауреат белгісі және 700 000 теңгенің сертификаты «Сазген» фольклорлық-этнографиялық ансамбліне (Алматы облысы) табысталды. І орын, лауреат белгісі және 500 000 теңгенің сертификатына «Қорқыт» дәстүрлі саз тобы (Нұр-Сұлтан), Көкшетаудан келген «Айнакөл» фольклорлық ансамблі ІІ орын, лауреат белгісі және 300 000 теңгенің сертификатын иеленді.

Шымкенттік «Тұмар» фольклорлық ансамблі «Ожетпес» фольклорлық ансамблі (Ақмола облысы), жергілікті «Тараз ғасыр» фольклорлық ансамблі дипломант атанды. Олардың бәріне қаржылай сыйлықтар ерілді.


Сондай-ақ байқауда Ықылас Дүкенұлы атындағы жүлде «Жігер» этникалық тобыны (Қызылорда облысы), Жамбыл Жабаев атындағы жүлде «Сұлу саз» халықтық ән-би ансамбліне (Шығыс Қазақстан облысы), Кенен Әзірбаев атындағы жүлде «Алатау» фольклорлық ансамбліне (Жамбыл), Әбдімомын Желдібаев атындағы жүлде «Әсем әуен» фольклорлық ансамбліне (Шу ауданы), Садыхан Әубәкіров атындағы жүлде «Шолпан» халықтық ән-би ансамбліне (Байзақ ауданы), Алтынбек Қоразбаев атындағы «Меркі әуендері» халықтық ән-би ансамбліне (Меркі ауданы), Үздік шығарма «Қазақ елі» ансамбліне (Тараз) «Көне Тараз күмбірі» арнайы жүлдесі «Сарыарқа» халық музыка ансамбліне (Нұр-Сұлтан), Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының арнайы жүлдесі, «Жәдігер» этнографиялық ансамбліне (Атырау), Кенен Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясының арнайы жүлдесі «Адырна» фольклорлық-этнографиялық ансамбліне (Алматы облысы) берілді.

Ерман ӘБДИЕВ,

Жамбыл облысы бойынша меншікті тілші

МҮНІС МҮНІС

АЛ ТҮСІНІП КӨР!



## ЖӘДІГЕР



## Абай шерткен домбыра

Қазақтың бас ақыны Абайдың тұмар домбырасы Семейдегі өлкетану музейінде 134 жыл бойы сақталып келген. Құнды жәдігерлерді Абайдың ауылына 1885 жылы орыс досы Нифонт Долгополов әкелген. Олардың арасында ағаш пен теріден жасалған ыдыс-аяқ, асатаяқ, кобыз, сыбызғы,

домбыра сияқты музыкалық аспаптар болған. Ең бағалысы – Абайдың тұмар домбырасы. Жәдігерді абайтанушы Қайым Мұхамедханов 1964 жылы Абайдың өлкетану музейінің қорынан іздеп тауып, ең таңдаулы 17 затпен бірге «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорық-музейінің қорына өткізген.

Дереккөзі: el.kz

## ҚОҒАМ



Жақында Алматы мұражайында өрнекпен өрілген ерекше туындылар көрсетілді. Келушілер кезінде КСРО Суретшілер одағының мүшесі болған Жанша Арыстанованың шығармашылығымен танысты. Көлонер шебері ұлттық ою-өрнектер салып, текемет, сырмақ, алаша, басқұр, ши тоқыған. Өнер иесінің тың туындыларын назарларыңызға ұсынып отырымыз.



Жанша Арыстанов (1895-1964 жж.)

## Өрнекпен өрілген өмір



Фото: Галия КАЛИЕВА

Бас редактор — директор  
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

## Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

## Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор  
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

## Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

## Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат (Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)  
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25  
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)  
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54  
Тапсырыс — №2172  
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралымы — 8 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарсын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.